

**Камзина Гулим Оразбаевнаның  
6D080100-«Агрономия» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шығыс Қазақстан  
облысының құмды топырақтарында минералды тыңайтқыштарды қолдануға  
байланысты еркекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы» тақырыбында  
орындалған диссертациялық жұмысына  
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/п №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); <b>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</b> 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Камзина Гулим Оразбаевнаның «Шығыс Қазақстан облысының құмды топырақтарында минералды тыңайтқыштарды қолдануға байланысты еркекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыс «Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті» РМҚ тақырыптық зерттеу жоспарына сәйкес жүргізілді «Шығыс Қазақстанның құрғақ дала аймағында жемшөп алқаптарының өнімділігін арттыру үшін дәл егіншілік технологияларын енгізу», мем.тіркеудің №103 тапсырмасының құрамдас бөлігі болып саналады. Диссертациялық жұмыс ғылымының даму бағыты мен Қазақстан Республикасының «Қазақстан2050» стратегиясына, Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына толығымен сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған/ашылмаған.</b>	Диссертациялық жұмыстың орындалуы барысында Абай облысы, Бесқарағай ауданы жағдайында еркекшөптің жасыл массасы, пішені және тұқым өнімділігі мен сапасын қалыптастырудағы минералды тыңайтқыштардың ролі ғылыми негізделген. Минералды тыңайтқыштарды еркекшөпке қолданудың ұтымды дозалары анықталған. Зерттеулер нәтижелері бойынша ғылымға елеулі үлес қосылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыспен танысу барысында аталған тақырыпқа қатысты зерттеулер жүргізуде, жұмысты рәсімдеуде Г.О Камзинаның өзі жазу принципінің жоғары деңгейін ұстанғаны байқалады. Ғылыми жұмыстардың жоспарын құру, әдебиеттерге шолу жасау, далалық және зертханалық, алынған ғылыми нәтижелерді әдістемеге сәйкес талдау, мақалалар шығару, зерттеу нәтижелерін өндіріс жағдайында сынау және өндіріске енгізу сияқты маңызды жұмыстарды дербес түрде орындаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген</b> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі айқын негізделген. Минералды тыңайтқыштардың Абай облысы жағдайындағы еркекшөптің тұқымдық өнімділігіне әсері және өнім үрдісі қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып

		табылады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <b>1) айқындайды;</b> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес жасалған. Зерттеулердің мақсаты мен міндеттері толық айқындалған. Зерттеудің мазмұны, негізгі қағалары, теориялық және тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері мен тұжырымдамалары, ғылыми болжамдары диссертацияның жетекші идеясы диссертация тақырыбын айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: <b>1) толық байланысқан;</b> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы біртұтас, барлық зерттелген мәселелерді құрылымдық түрде біріктіретін нақты аяқталған. Ғылыми тұжырымдарға сәйкес теориялық мәліметтер, жүргізілген тәжірибелердің мазмұны мен нәтижелері логикалық тұрғыдан толық байланысқан.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Барлық ғылыми деректер ғылымда белгілі шешімдермен және басқа да ғалымдардың нәтижелерімен салыстырмалы түрде критикалық талдау тұрғысында сыни талданған.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтиже Абай облысы «Лапа» шаруа қожалығында алғаш рет зерттеліп отыр.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу деректері бойынша жасалған диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	70% жаңа болып табылады.
6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылыми тұрғыдан жүргізілген танаштық зерттеулер мен зертханалық талдаулардың маңызды дәлелдері бойынша негізделген.

		бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><b>3) кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Еркекшөптің қоректену жағдайларын жақсартуы тығыз агроценоздың қалыптасуына әкеледі. Ең көп өсімдіктер саны бар агроценоз, минералды тыңайтқыштарды N<sub>80</sub> P<sub>50</sub>K<sub>40</sub> дозасында енгізгенде қалыптасты. 1 шарша метрде 391 дана, ал минералды тыңайтқышсыз, бақылау нұсқасында – 260 дана, яғни әрбір шарша метрде 131 данадан артық болды.</p> <p>Диссертацияның негізгі ережелері журналдарда және халықаралық ғылыми конференциялардың еңбек жинақтарында жарияланған 5 баспа жұмысында, оның ішінде ҚРҒЖБМ (ККСООН) ұсынған басылымдарда –3 және SCOPUS деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда – 1 Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында көрсетілген – 1.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Зерттеу мақсатына сәйкес диссертациялық жұмыстың әдіснамасы ғылыми түрде негізделген.</p> <p>Диссертациядағы сызбалар, кестелер, диаграммалар, ғылыми деректерді өңдеу, саралау және статистикалық талдаулар компьютерлік технологиялар қолдану арқылы жүргізілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс бойынша теориялық қорытындылар мен нақтыланған заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және диссертация мәліметтері ресми құжаттар, алыс және жақын шетел ғалымдарының жетістіктеріне, сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалуымен расталған.</p>

	<p>1) <b>ия;</b> 2) жок.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, оқулықтарға, халықаралық конференциялар жинақтарына сілтемелер жасау арқылы расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертация барысында пайдаланылған әдебиеттер саны жеткілікті 136, оның ішінде 45 шетел тіліндегі әдебиеттер.</p>
Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <b>бар;</b> 2) жок.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия;</b> 2) жок.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы зор. Жүргізілген зерттеулердің негізінде мал азықтық және тұқымдық мақсатта жалпақмасақты еркекшөп (тарақ тәрізді) дақұлын өсіруде оңтайлы егу тәсілдері, себу нормалары және минералды тыңайтқыштарды енгізу технологиясын қабылдау ұсынылды, бұл аудан бірлігіне шаққанда қосымша өнім алуды қамтамасыз етеді. Абай облысының құмды топырақтарында дәстүрлі өсірумен салыстырғанда, ұсынылған технологиямен өсіргенде, жемшөп пен тұқымның өнімділігі орта есеппен 25%-ға өсті.</p> <p>Зерттеулер негізінде жасақталған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.</p>
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденуші Г.О Камзинаның академиялық жазу сапасы, жұмыстың безендірілу сапасы жоғары, зерттеу деректері айқын да түсінікті түрде мазмұндалған.
11. Диссертацияға ескертулер		Зерттеу нәтижесінде: еркекшөптің себу тереңдігі 1-5 см. Нақты қандай тереңдікте себілген? Инсектицид, фунгицид жалпылай жазылған, нақты қандай?
12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған)		Камзина Гулим Оразбаевнаның диссертация бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.

жағдайда ресми рецензенттер доктораңтты ң зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		Камзина Гулим Оразбаевнаның «Шығыс Қазақстан облысының құмды топырақтарында минералдығыңайтқыштарды қолдануға байланысты еркекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін талаптарына сай дайындалғанына көз жеткізіп, аталған диссертацияны ашық қорғауға ұсынамын.

**Ресми рецензент:**

а.ш.ғ.д., профессор  
ҚР ҰҒА академигі

Мейрман Ғ.Т

«\_\_\_» 09.2024 жыл

Қолы расталды мермен

